

МРНТИ 17.07.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.47>

Әбдіқалық К.С.,¹ Асанбаева С.А.,² Орынханова Ф.А.³

^{1,2,3} Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

М.ӘУЕЗОВКЕ ЖҰМБАҚ БОЛҒАН АБАЙ ӨЛЕҢІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада М.Әуезовке түсініксіз болған Абайдың «Жаз» өлеңінің түпнұсқасы туралы алғаш рет сөз етіледі. М.Әуезовтің осы өлеңнің кейбір жолдарына ақын қолтаңбасы екендігіне күдікпен қарауы алдымен қарастырылады. Түпнұсқаны анықтауда ақынның көзі тірісінде жарияланған газеттік нұсқа негіз етіледі. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлең «Дала уалаятының газетінде» 48 жолмен берілсе, ақын жинақтарында 60 жолмен берілуі текстологиялық жолмен зерделенеді. М.Әуезовтің көңіліне қонбаған осы артық жолдардың қажетсіздігі тұңғыш рет дәлелденеді. Газеттік нұсқаны академиялық жинақтармен салыстырғанда кездесетін өлеңдегі жекелеген сөздердің дұрыс-бұрыстығына да көз жеткізілді. Текстологиялық сырын қарастыруда ұлы ақынның шын шеберлігін аша түсетін Абай өлеңінің газеттік нұсқасы негізгі әрі түпнұсқа екендігі айқындалады.

Түйін сөздер: мәтін, қолжазба, түпнұсқа, тұжырым, мәтіндік айырмашылықтар, газеттік нұсқа, болжам, қателер, поэзия, жинақ

Abdykalyk K.,¹ Asanbaeva S.,² Orynkhanova G.³

^{1,2,3} *Kazakh National Women Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE HISTORY OF PUBLICATION OF ONE POEM BY ABAI

Abstract

This article deals for the first time about the textual problem of Abai's poem "Zhaz", reading and critical analysis of it by M. Auezov. When preparing the printed text of the poem, some of its lines raised doubts. When defining the original, the newspaper version was taken as a basis which was published during the author's lifetime. The poem, which begins with the words "Zhazdy kun shilde bolganda", consisted of 48 lines, and first appeared in the newspaper "Dala ualayaty", then it was published in the author's collections, where there were already 60 lines. For the first time, the article talks about deleting extra lines, which once led to the confusion of M. Auezov. Comparing the newspaper version with academic collections, the author substantiates the correctness of correcting individual lines by meaning, guessing, by style of context. As a result, it turns out that the newspaper version is the only correct one and is the original.

Keywords: text, manuscript, original, textual differences, newspaper version, forecast, errors, wording, poetry, collection

Абдикалық К.С.,¹ Асанбаева С.А.,² Орынханова Г.А.³

^{1,2,3} *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЯ ПУБЛИКАЦИИ ОДНОГО СТИХОТВОРЕНИЯ АБАЯ

Аннотация

В данной статье впервые говорится о текстологической проблеме стихотворения Абая «Жаз», прочтении и критическом анализе ее М.Ауэзовым. При подготовке печатного текста стихотворения отдельные ее строки вызвали сомнение. При определении оригинала за основу был взят газетный вариант, увидевший свет при жизни автора. Стихотворение, которое начинается словами «Жазды күн шілде болғанда», состояло из 48 строк, и впервые появилось в газете «Дала уалаяты», затем было опубликовано в авторских сборниках, где насчитывало уже 60 строк. В статье впервые говорится об удалении лишних строк, которые в свое время привели в замешательство М.Ауэзова. Сопоставив газетный вариант с академическими сборниками, обосновывается правомерность исправления отдельных строк по смыслу, по догадке, по стилю контекста. В результате выясняется, что газетный вариант является единственно верным и представляет собой оригинал.

Ключевые слова: текст, рукопись, оригинал, текстовые различия, газетный вариант, прогноз, ошибки, формулировка, поэзия, сборник

Кіріспе. Абайдың «Жаз» өлеңінің шығу тарихы ақынның 1933 жылғы алғашқы толық жинағында берілген М.Әуезовтің Көкбай ақыннан жазып алған естелік әңгімесі бойынша көпшілікке мәлім. Осы естелікті Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба қорында сақталған М.Әуезовтің «Абай өлеңі туралы» деген еңбегінен оқығанда «Жаз» өлеңіне қатысты абайтанушы ғалымның өзіне түсініксіз жайттарды аңғардық. Анықтап айтсақ, «Жаз» өлеңіндегі Абайдың суреттеген ауылы өз ауылы. Байдың (1933 жылғы толық жинақта «Абайдың» деп берілген (338-б) астындағы аяңшыл – Абайдың Әбдірахметтен алған «аяңшыл күрөң төбел аты». Айқайшы шалы: сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Күс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын» [1, 35] деп берілген естелік сөздерге жауап ретінде сол беттің соңындағы қызыл қаламмен жазылған глоссты /ескертпені/ кездестіреміз. Онда мынадай сөздер бар: *«Көкпай «Жаз» өлеңіндегі аты аталмай жазылып айтылған адам атаулының барлығын өзінің атап, танытып пәлен-пәлен деп береді. Бірақ біздің ойымызда бұл Көкпайдың өз топшылауы, өз шешуі. Дәліне келгенде өз шешуі ұқсаса да, тақ аяңшылға мініп келген бәйге атындай аңқылдайтын байды Абай өзім деп қойды ма екен. Бұл тым надан бай, ол Абай болмас. М.Ә.»* Бұл, әрине, Көкбайдың естелігін өз аузынан естіп, жазып алған академик М.Әуезовтің сөзі екендігіне шүбә жоқ.

Ғалымның осы орынды күдігіне Абайдың көзі тірісінде «Дала уалаятының газетінде» (1889, №7) жарық көрген өлең нұсқасын оқығанда ғана анық көз жетізуге болады. Өйткені газеттік нұсқада *«тақ аяңшылға мініп келген бәйге атындай аңқылдайтын... тым надан байдың»* бейнесі мүлдем берілмеген еді.

Әдістеме. «Дала уалаятының газетінде» жарияланған өлең нұсқасы кейінгі шыққан Абай жинақтарындағы нұсқалардан өзгешелік танытса да осы уақытқа дейін әдебиеттану ғылымында орны елеусіз қалып, өз бағасын ала алмай келуі де ойлантатын жайт екені жасырын емес. Тіпті, Абайдың өз қолжазбасы сақталмағандықтан ақынның көзі тірісінде жарияланған өлеңдерінің әрбірі ескерусіз қалмауы игі еді. Бәлкім, Абай жинағын баспаға даярлауда текстологиялық негіз ретінде 1909 жылғы алғашқы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйенген кеңес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарындағы зерттеушілер М.Әуезов әзірлеген ақынның алғашқы толық жинағындағы (1933) нұсқаны да алға тартатын шығар.

Негізінен М.Әуезов Абай шығармаларының толық жинағын (1933) баспаға әзірлеп, жарыққа шығарған уақытта «Жаз» өлеңінің газеттік нұсқасынан бейхабар болатын. Олай дейтініміз, біріншіден, «1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әр түрлі өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала Уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңнің тағы да менің атыммен жіберді... Осы хал 1886 жылға шейін келді де, сол жылдардың жазында ел жайлауға шықты...» [2, 48] деп әрі қарай «Жаз» өлеңінің шығу тарихы баяндалатын Көкбайдың естелік әңгімесіне назар аударғанда тап осы өлеңнің «Дала уалаятының газетінде» жарық көргендігі туралы нақты мәліметті көріп тұрған жоқпыз. Екіншіден, «Дала уалаятының газеті» және осы өлеңнің сол газетте жарияланғандығы туралы қазақ жұртшылығы ең алғаш 50-жылдары тарих ғылымдарының докторы Х.Н.Бекхожиннің («Абай және Дала уалаяты»// Ученые записки Казахского государственного университета.– 1950.– Т. 8.– 32 б.) еңбегі арқылы танысқан болатын. Үшіншіден, газеттік нұсқаның жинақтық нұсқалардан өзгешелігіне цензураның кінәсы етіп дәлелдеген Х.Н.Бекхожин, Ф.Әбетов, т.б. зерттеушілердің еңбектері де өз ықпалын тигізді.

Мәселен, «Дала уалаятының газетіндегі» (1889, №48) Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сынына жауап ретінде жазған Х.Н.Бекхожиннің ой-тұжырымына тоқтала кетсек, «...Абайды жұрттан бұрын іздей бастаған Мәшһүр Жүсіп болды. Ол былай деп жазды: «Газетте жарияланған өлең «Құнанбайдың баласынікі» деген сөз халыққа жарияланды. Оның өлеңінен «байлығы жақсы білініп тұр, бірақ халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді... Біз Ибраһим мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіген едік... артында байлығы һәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафих қылып сөйлесе керек қой деп айтып жатырмыз» («Дала уалаяты», 48, 1889). Мәшһүр Жүсіп бұл сөзді тегінде, Абайдың «Жаз» деген өлеңі туралы айтқан. Бұл өлең газетте Құнанбай ауылының жайлауға көшіп келіп қонып жатқан көрінісін, оның байлығын суреттейтін тақырыппен басылғанын, ал өлеңнің кедейлердің бейшаралық халін сипаттайтын жерлерін цензура қысқартып тастағанын ол білмеген. Абай өз әкесі Құнанбайдың емес, жалпы қазақ байларының тұрмысын суреттегенін Мәшһүр Жүсіп түсінбеген. Ал оның «халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді» деп өлеңнің газеттегі қысқартылып басылған түріне қарап айтқан» [3, 111] дейді ғалым. Сонда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «халыққа пайдалы іске жаһат қылғаны білінбейді» деген сынына «кедейдің

бейшаралық халінің» қандай қатысы бар? Газеттегі халыққа пайдалы дүниелерді ғана басу туралы айтысқа түскен сын-пікірлерден хабардар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мақаладағы айтпақ ойы, көздеген мақсаты да мүлдем басқаша еді... Жалпы, газеттік нұсқадағыдай «байғұс шалдың» бейнесі суреттелмесе, М.Әуезовке түсініксіздік танытқан байдың «надандығы» да байқалмас еді.

М.Әуезовтің «Бүгіндей алғанда Абай текстерінің дұрыстығына келтірілген көптеген күдіктер сол текстің ауызша және қолжазба нұсқаларының барлық жиынтығын текстологиялық талдау жасау жолымен жоққа шығарылады...» [4, 25] деген ғылыми тұжырымына сүйене отырып, текстология шарттары бойынша газеттік нұсқаны ақынның 1995 жылғы академиялық толық жинағымен салыстырып шыққанда көптеген маңызды мәселелердің беті өздігінен ашылатыны да даусыз.

Нәтижелер. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлең «Дала уалаятының газетінде» 48 жолмен берілсе, жинақта 60 жолмен берілген. Ең алдымен артық жолдардың ретіне келсек, жинақтағы:

*Білімділер сөз айтса
Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
«Әрине» деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай «байғұсым десін» деп,
«Шақырып қымыз берсін» деп
Жарамсақсып, жалтылдап.*

*...Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі... –*

деген жолдар газеттік нұсқада жоқ. Және өлеңдегі:

*Өткен күннің бәрі ұмыт
Қолдан келер қайрат жоқ, –*

деген жолдар 1909 жылғы кітапта да жоқ. Ал газеттік нұсқадағы:

*Салтанатты байлардың
Жай отырған сөйлемей
Шаршағаннан ыстықта
Самаурыны бұрқылдап, –* деген жолдар жинақта:

*Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап, –* деп берілген.

Абай бұл жерде сапырылған қымызды емес, бұрқылдаған самаурынды алып отырғаннан кейін газеттік нұсқадағысы қонымды болар. «Көлеңке қылып басына», астына кілем төсеп отырған байларға сапырылған қымыз да жарасар еді. Бірақ ақын ыстықта шаршаған соң сөйлемей, жай отырған салтанатты байлардың самаурынын бұрқылдатқанды жөн көрген.

Ал газеттік нұсқада жоқ жолдарға келсек, М.Әуезовтің айтуынша, «...бұл жағдайда текстологиялық талдаудың негізі болып Абайдың ақындық тілі мен шығармашылық әдісінің өзіндік ерекшелігі» еске алынуға тиіс еді.

Жыр үлгісінде жазылған бұл өлеңнің тақырыбы мен идеялық мазмұнына, әсіресе, соңғы төрт жолы жинақтық нұсқада сай келмейді. Мәселен, «Байғұс шалдың» қошемет қылып қарқылдап кімге күлетіні түсініксіз. Негізінен жыр үлгісінде жазылған өлеңдердің соңғы тармақтары мәндірек болуға тиіс. Жинақтағы «*қошемет қылып қарқылдап*» деген соңғы жолы «*қаз сытырса жарқылдап*» деген төменнен санағанда алтыншы жолмен ғана ұйқасып тұр. Ал газеттік нұсқада анық әрі толық берілген:

*Тамашасын шалдардың
Қошемет қылып қарқылдап.*

Қаз сыпырып жарқылдаған жас бозбалалардың шалдардың тамашасын қошеметтеп қарқылдап күлулері қисынды болса, газетте жарияланған мәтіннен көз жазбауға тиіспіз, өйткені қолымызда түпнұсқа деп танырлық қолжазба жоқ қой.

Сонымен, «Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар», – деп жазған М.Әуезовтің пікіріне сүйенсек, жинақтағы артық жолдар Абайдың атына шаң жуытпау «саясатынан» сол кездегі шәкірттерінің немесе көшіруші мен жинаушы, жариялаушылардың түзетулері ме екен деген ойға бастайды.

Талқылау. Енді «Жаз» өлеңіндегі жекелеген сөздердің дұрыс-бұрыстығына келсек, газеттік нұсқада:

Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғыннан жүні қылтылдап

Құр ағарып алыстан –

делінсе, академиялық жинақта:

Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғыннан жоны қылтылдап,

- деп беріледі. Жинақтағы түсінікте: «І.Жансүгіров 1923 ж. «Тілші» газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті. Мысалы, «шалғыннан жүні қылтылдап емес», «шалғыннан жоны қылтылдап» деген дұрыс екенін... алғаш көрсеткен І.Жансүгіров болатын» [5, 246], – деген мәлімет көрсетілген. Сондай-ақ Б.Жақыпбаевтың «Абай өлеңдерінің тексті туралы» (1946) мақаласында «Абай өлеңдері өзі тірі күнінде басылған жоқ (365-б.). ...Бұл сөз «жүні» емес, «жоны», үйткені шалғыннан жылқының жоны көрінбесе, көрінетін жүні жоқ екені белгілі» (384) деп жазылған. Осы тұста ескере кететін бір жайт, жылқының жүні болмаса жалы (желкесіне өскен қалың қылы) бар емес пе? Ғалым Е.Ысмайловтың «Абайдың ақындық мәдениеті» деген мақаласында «Шалғыннан жүні қылтылдап» деп қарастыруы тегін болмаса керек.

Жалпы алғанда, «жон» қылтылдамайды, қылтындамайды, қылтылдамайды да. «Түсіндірме сөздіктің» (1982) 6-томында «қылтылда» сөзі: «бір байқалып, бір жоқ боп, болар болмас қана көріну» (593) делінген. Олай болса, «шұрқырап жатқан жылқының» яғни, көп жылқының жоны шалғыннан болар-болмас болып қана көрінбесе керек. Сондай-ақ «құр ағарып алыстан» деген өлең жолы жинақтық нұсқада кездеспейді. Олай болса, шалғында шұрқырап жатқан жылқының жүні алыстан құр ағарып қылтылдап тұрған суреттің де кемшілігі болмас.

«Әзілдесіп сылқылдап» деген сөз тіркесіне келсек, ғалым Қ.Мұхамедханов өзінің «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) еңбегінде: «Жаз» өлеңінің 1909 жылғы жинақта:

«Жасы үлкендер бір бөлек

Кеңесіп күліп, сылқылдап», –

деп басылған жиырма жетінші жолы – 1954 жылғы жинақта, одан бұрынғы жинақтар да:

«Әзілдесіп сылқылдап», –

деп қате басылып жүр.

Шынында «Жасы үлкендер» деген соң «кеңесіп, күліп» деу орынды айтылып тұрғаны даусыз. Сондықтан, 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген. Өлеңнің 19-шы жолында:

Қыз-келіншек үй тігер,

Бұрала басып былқылдап,

Ақ білегін сыбанып

Әзілдесіп сыңқылдап, –

деп «әзілдесіп» деген сөзі жастарға арналып өз орнында айтылып тұр. Сондықтан 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген дейміз» [6, 20] деген тұжырым жасайды. Ал газеттік нұсқада:

Қыз-келіншек үй тігер

Бұрала басып былқылдап,

Ақ білегін сыбанып

Сыбырласып сыңқылдап.

Жасы үлкендер бір бөлек

Әзілдесіп сылқылдап, –

деп берілген. Мұнда да ақ білегін сыбанған қыз-келіншектердің сыбырласып сыңқылдағаны, «көңілі жақсы жайланған» жасы үлкендердің әзілдесіп сылқылдағаны өз үйлесімін тауып тұрғандай. Абайдың «сыбырласып» деген сөзді қолданғандығы шүбә тудырмайды. Оған дәлел, Ұлттық ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазба

қорында сақталған Абайдың жарияланбаған өлеңдерінің ішінде «Жаз шығып қыс өткен соң...» (Папка №631, 14-б.) деген бес бөлімнен тұратын ұзақ өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

Ел конса үй тігісіп, жүк жыйысып,
Сыпсындар қыз-келіншек сыбырласып.

Сонымен бірге жинақтағы «ет әпер», «көк құсы» деген сөздерден гөрі газеттік нұсқадағы «тамақ бер», «құстары» деген ұғымдар мағынаны аша түседі. Біріншіден, «ет әпер», «нан әпер», «қымыз әпер» дейтіндей талғаммен ішетін бай, манап емес, қарны тойса мәз болатын кедей баласына тамақ сұратқаны орынды сияқты. Екіншіден, жаздың жалпы көрінісін суреттеген кезде жеке бөлшекті тым даралау да әсерлі шықпайды. «Көк құсы» да соған саяды. Ақынның тілінде бозбала жалғыз емес қой. Және де «көк құс» пен «қазды» қатар келтіру шығармаға ажар бермейтінін де естен шығармаған абзал.

Қорытынды. «Жазды күн шілде болғанда» деп басталатын өлеңінің текстологиялық жай сырын айтқан уақытта, ең бірінші «Дала уалаятының газетінде» жарияланған нұсқа негізге алынып, одан кейінгі жарияланымдар мен естеліктер соған бейімделе баяндалғанда ұлы ақынның шын шеберлігін аша түсетін ойларға кенелуіміз хақ. Абай шығармаларының кейінгі басылымында осы шарт ескерілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. Абай өлеңі туралы/Ұ.А. Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорынан.- П.599. – қолжазба
- 2 Абай./ 1992.– №1.–48-б. – журнал
- 3 Бекхожин Х.Н. Қазақ баспасөзінің даму жолдары: Дис.тарих ғыл.докт.- Алматы, 1964.-319 б. – қолжазба
- 4 Әуезов М. Абайтану дәрістері.– Алматы: Рауан, 1994.-160 б. – кітап
- 5 Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы.– Алматы: Ғылым, 1995.-336 б.– кітап
- 6 Мұхамедханов М. Абай шығармаларының текстологиясы жайында.- Алматы, 1959.-144 б.– кітап.

Reference:

1. Äuezov M. Abai öleñi turaly/Û.A. Ğylymi kitaphanasyndaǵy qoljazbalar qorynan.- P.599. – qoljazba
2. Abai./ 1992.– №1.–48-b. – jurnal
3. Bekhojin H.N. Qazaq baspasöziniñ damu joldary: Dis.tarih ғыl.dokt.- Almaty, 1964.-319 b. – qoljazba
4. Äuezov M. Abaitanu däresteri.– Almaty: Rauan, 1994.-160 b. – kitap
5. Abai. Şyǵarmalarynyñ eki tomdyq jinaǵy.– Almaty: Ğylym, 1995.-336 b.– kitap
6. Mühamedhanov M. Abai şyǵarmalarynyñ tekstologiasy jaiynda.- Almaty, 1959.-144 b.– kitap.

МРНТИ 17.82

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.48>

Жетібай Р. Қ.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Ж.НӘЖІМЕДЕНОВТЫҢ «АЗАМАТ АУЫЛЫ» ЖӘНЕ «ӘЙЕЛДЕР» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Жүмекен Нәжімеденовтың «Әйелдер», «Азамат ауылы» әңгімелері жан-жақты талданады. Әңгімелерге авторлық концепция тұрғысынан, көркемдік құрылым тұрғысынан талдаулар жасалады. Көркемдік детальдардың орныд-орынсыз қолданысы қарастырыларды. Троп және фигураның түрі айқындалады. Көркемдік құралдар арқылы жасалған «Әйел» бейнесі талданады. Сонымен қатар қазіргі әдеби үдерістегі модернизм элементтерінің көріністері сараланды.

Мақалаға Жүмекен Нәжімеденовтың көп томдық шығармаларының 6-томы, Г. Орданың «Сөз құдіреті» еңбегіне, Қ. Жанұзақованың «Әдебиеттануға кіріспе» еңбектеріне сілтеме жасалады. Мақаланың маңыздылығы өткен дәуір прозасында талданбай кеткен Жүмекен әңгімелерінің көркемдік құрылымын талдау болса. Өзектілігі сол кезеңдегі әңгімелерден артықшылығы мен кемшілігін салғастыра отырып, әйел бейнесінің жасалу тәсілдерін айқындау. Ж. Нәжімеденовтың поэзияда тыңнан түрен салғаны әдеби оқырманға бесенеден белгілі болса, оның прозалық туындары әдеби аренадан қалыс қалғаны баршаға мәлім. Осы тұрғыдан алып қарағанда мақаламызда автордың прозалық шығармадағы қуатын көрсетуге және образ жасаудағы шеберлігін айқындауға барынша күш салдық.

Мақала соңында лирикалық кейіпкер мен прозадағы кейіпкер бейнесінің біртұтастығын, авторлық суреттеу тәсілінің ерекшелігін, тілдік қолданысының өзгешелігін көрсеттік.

Түйін сөздер: әйел бейнесі, әңгіме, бейне, суреттеу